

Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына тапшылығын жабу және тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіретін ұйым шығаратын электр энергиясы үшін тарифтердің көтерілуін өтеуге арналған қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 17 ақпандағы N 145 Қаулысы

"2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына тапшылығын жабу және тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіретін ұйым шығаратын электр энергиясы үшін тарифтердің көтерілуін өтеуге арналған қаражатты жұмсау ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 5

ж ы л ғ ы

1 7

а қ п а н д а ғ ы

N 1 4 5

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына тапшылығын жабу және тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіретін ұйым шығаратын электр энергиясы үшін тарифтердің көтерілуін өтеуге арналған қаражатты жұмсау ережесі

1. Осы Ереже Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына тапшылығын жабу және тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия өндіретін ұйым шығаратын электр энергиясы үшін тарифтердің көтерілуін өтеуге арналған қаражатты жұмсау тәртібін айқындайды.

2. "ҚазТрансГаз" акционерлік қоғамы 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 026 "Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде 2004-2005 жылдардың күзгі - қысқы кезеңінде бір және екі блокты режимде " Т.И.Батуров атындағы Жамбыл мемлекеттік аудандық электр станциясы" ашық

акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қоғам) жұмысын қамтамасыз ету үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар отынды жеткізуші (бұдан әрі - Жеткізуші) б о л ы п б е л г і л е н с і н .

3. Тарифтердің көтерілуін өтеуге арналған қаражатты жұмсау 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 026 "Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген 1075175000 (бір миллиард жетпіс бес миллион бір жүз жетпіс бес мың) теңге сомасындағы қаражат (бұдан әрі - Қаражат) есебінен жүзеге асырылады, оның ішінде:

1) 199000000 (бір жүз тоқсан тоғыз миллион) теңге - 2004 жылғы қаңтар - наурыз кезеңіндегі Қоғамның Жеткізуші алдындағы отынның жеткізілімдері бойынша шығындарын өтеуге арналған шығыстар;

2) 876175000 (сегіз жүз жетпіс алты миллион бір жүз жетпіс бес мың) теңге - 2004 жылғы желтоқсан - 2005 жылғы наурыз кезеңінде Қоғамның отынды тасымалдау шығыстарын ескере отырып, оны сатып алу бағасы мен Қоғамның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында шығарылатын электр энергиясына белгіленген тарифтерді сақтау үшін қажет отынның құны арасындағы айырманы жабуға арналған шығыстар.

Ескерту: 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 5 шілдедегі N 685 Қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі осы Ереженің 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тарифтердің көтерілуін өтеу мақсатында Оңтүстік Қазақстанның электр энергиясына тапшылығын жабу және тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтау үшін шығарылатын электр энергиясына белгіленген тарифті сақтау үшін шығыстар есептемелерін бекітеді.

5. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі:

1) осы Ереженің 3-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету бойынша Жеткізушімен жасасқан шарттардың негізінде қаражат аударуды жүзеге асырады;

2) "Солтүстік-Оңтүстік" транзиті бойынша алынатын электр энергиясының көлеміне және Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларына Қоғамның шиналарынан алынатын электр энергиясының көлеміне Оңтүстік Қазақстанның энергиямен жабдықтаушы ұйымдары мен тұтынушыларына арналған шығыстардың нормаларын б е к і т у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

3) осы қаулыға сәйкес бөлінетін Қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді.